

Аудан тарихы

ЖАСТАРДЫҢ АЛҒАШҚЫ ФЕСТИВАЛІ

Осыдан 60 жыл бұрын 1957 жылдың 25 мамырында Воздвиженка ауылында Бүкіләлемдік жастар мен студенттер фестиваліне орай аудан жастарының тұңғыш жиыны өткізілген-ді. Осы күні жастардың аудандық фестивалінің жалауы көкке көтерілді.

Фестиваль – бұл жастықтың, ән мен бидің, әдемілік пен сұлулықтың, ептілік пен күштіліктің және еңбектің мерекесі.

Осы мереке қарсаңында Воздвиженкаға ауданның әр шалғайынан жастар көптеп ағылды. Аудан жастарының дүбірлі мерекесі екі күнге созылды. Осы екі күн бойы көшелер мен аландарда, клуб үйі мен Воздвиженка ауылының стадионында ойын-сауық толастаған жоқ. Оған екі мыңға жуық колхозшылар, механизаторлар мен құрылысшылар, мұғалімдер қатысты.

Ауыл жастары әрине ойын-сауық пен мерекені жақсы көреді. Сондықтан әр ауылдан келген өнер ұжымдары міндетті түрде өздерінің әндерін орындады. Новошимка Мәдениет үйінің хоры фестивальдің шымалдығын ашты.

Әр ұжым әр түрлі әндерді орындады. Әсіресе Раздольный хорына деген ықылас ерекше болды. Жекелеген әншілер де көпшілік құрметіне ие болды. Жас ауыл еңбеккерлері өздерінің әнге, өнерге деген сүйіспеншіліктерін таныта білді.

Ждановтықтар өздерімен бірге күйсандық алып келіпті, олар осы күйсандықтың әуенімен өз ауылдары Софиевкада күн сайын ән салып, би биледі. Тыңдарман жұрт үрмелі аспаптар оркестрінің өнерлеріне де қошеметпен қол соқты. Сондай-ақ акробаттар мен гимнастардың жасаған күрделі жаттығулары да есте қаларлықтай болды.

Клуб вестибюлінде жас колөнершілердің өнер туындылары қойылды. Ағаштан жасалған кәдесыйлар, тоқыма, ою-өрнек бұйымдары, келушілердің назарын өзіне аударды. Әсіресе әуесқой суретші Иосиф Клюктің түрлі-түсті фотосуреттері жұрт назарын өзіне аударды. Оның жасаған стенді келушілер мен қазылар алқасы тарапынан жоғары бағаға ие болып, облыстық байқауға ұсынылды.

Фестивальдің алғашқы күнінде жеңіл атлетика мен ұлттық ат спорты түрлерінен жарыстар өткізілді. Ат бәйгесіне 20 шабандоз қатысып, 20 шақырымдық жарыс жолына шықты. Қазақша күрестен 8 жұп өз салмақ дәрежелері бойынша боз кілемде белдесті. Жеңіл атлетиканың биіктікке, ұзындыққа секіру түрлері бойынша да жарыстар қызды. Волейбол мен футбол ойынынан жастар өзара күш сынасты. Фестиваль жеңімпаздары әр түрлі спорт түрлерінен облыстық фестивальде бақ сынап-тын болды.

Ал кешкілік жастардың бал-карнавалы болды. Клуб ғимаратына әр түрлі костюмдер киген жүздеген қыз-жігіттер ағылды. Тайтөбе ауылы орта мектебінің оқушылары карнавалға ұлттық костюмдерімен келді.

Фестивальдің екі күні де тез өте шығып, мерекені қорытындылайтын да сәт келіп жетті. Жастар фестивалінде бірінші орынды Рождественка ауылының ұжымы жеңіп алды. Ал екінші және үшінші орындарды тиісінше «Ақмола» колхозы мен Раздольный ауылының ұжымы өзара бөлісті.

1957 жылдың 28 шілдесінде Мәскеудегі В.И.Ленин атындағы Орталық стадионда Дүниежүзілік жастар мен студенттердің VI фестивалі салтанатты түрде ашылды. Сол кездегі ел астанасына турист ретінде ауданымыздың жастары да қатысты. Олар алдыңғы қатарлы комсомолдар мен үздік еңбеккерлер болатын.

Ләззат АБРАЕВА,
мемлекеттік мұрағаттың директоры.